

Аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 132 "Әйтеке би ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 503 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 қаңтарда № 7927 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2024 жылғы 13 маусымдағы № 225 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 13.06.2024 № 225 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 132 "Әйтеке би ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5597 тіркелген, 2017 жылы 3 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әйтеке би ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

2 тармақтың 4) тармақшасы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"4) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қазахстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін

мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;";

8 тармақтың үшінші абзацы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күні.";

11 тармақ келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Атаулы күндер мен мерекелік күндерге табыстарын есепке алмай біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

Жеңіс күніне орай:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, 500 000 (бес жұз мың) теңге мөлшерінде;

2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне, 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

3) "Ардагерлер туралы" Заңының күші қолданылатын басқа да адамдарға, 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

4) Ауғанстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына, 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

5) еңбек ардагерлеріне, 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

6) Қазақстан Республикасының Конституациясы күніне орай:

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге, 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде.";

16 тармақтың 1) тармақшасында:

"уәкілетті ұйымның" сөздері "уәкілетті органның" сөздерімен ауыстырылсын;

21 тармақ келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"21. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнүсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнүсқалары өтініш берушіге қайтарылады.".

2. "Әйтеке би аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

C. Нуржанов

Әйтеке би аудандық  
мәслихатының хатшысы  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Ақтөбе облысының жұмыспен

E. Тансықбаев

камтуды үйлестіру және әлеуметтік  
бағдарламалар басқармасының басшысы

\_\_\_\_\_ *Б.О. Елеусинова*

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК